



Sultangazin University

ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİ
QOSTANAI OBLYSY ÁKİMDİGİNİŇ BİLİM BASQARMASY
QOSTANAI q. «PEDAGOGİKALYQ SHEBERLİK ORTALYĞY» FİLİALY



ÓMIRZAQ SULTANGÁZIN ATYNDAGÝ
QOSTANAI MEMLEKETTİK PEDAGOGİKALYQ ÝNİVERSİTETİNİŇ
80 JYLDYĞYNA ARNALĜAN ALTYSARIN OQÝLARY
**«Bilim berý praktikasy sapasyn
joğarylatýdyň ózekti máseleleri»**
atty halyqaralyq ғылыми-практикалық конференциясының

MATERIALDARY

III KİTAP



III КНИГА

МАТЕРИАЛЫ

МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
АЛТЫНСАРИНСКИЕ ЧТЕНИЯ К 80 ЛЕТИЮ
КОСТАНАЙСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ УМИРЗАКА СУЛТАНГАЗИНА

**«Актуальные проблемы повышения
качества образовательной практики»**

Qostanaı q., 2019 j.
г.Костанай 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

Б 94

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Медетов Нурлан Амирович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ғылыми жұмыс және стратегиялық даму жөніндегі проректоры, физика-математикалық ғылымдар докторы;
- **Мусабекова Гульвира Айдархановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің академиялық жұмыс және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ахметов Тлеген Альмуханович**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Бережнова Елена Викторовна**, педагогика ғылымдарының докторы, Мәскеу мемлекеттік халық аралық қатынастар институтының профессоры (Ресей, Москва қ.);
- **Бектурганова Римма Чингисовна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті ректорының кеңесшісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
- **Оспанов Серикбай**, филология ғылымдарының кандидаты, Ы.Алтынсарин орталығының маманы;
- **Айнализева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Калиев Дастан Дуйсенұлы** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистры.

Б 94 БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫ САПАСЫН ЖОҒАРЫЛАТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ =АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КАЧЕСТВА ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ПРАКТИКИ. – Қостанай, 2019. - 257 б.

ISBN 978-601-7934-67-5

«Білім беру практикасының сапасын жоғарылатудың өзекті мәселелері» тақырыбындағы Алтынсарин оқуларының Халықаралық ғылыми - практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген.

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

В сборник включены материалы Международной научно-практической конференции «Алтынсаринские чтения «Актуальные проблемы повышения качества образовательной практики».

Авторы статей: преподаватели вузов и колледжей, учителя школ и научные сотрудники обсудили актуальные проблемы повышения качества образовательного процесса, модернизации образования.

Настоящий сборник предназначен для преподавателей вузов и колледжей, учителей школ, научных сотрудников.

**ӘОЖ 37.0 (063)
КБЖ 74.00**

ISBN 978-601-7934-67-5

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

методы обеспечивают положительную мотивацию и дифференциацию в обучении, повышают результативность учебного процесса, активизирующие всех учеников, их творческую деятельность. Использование инноваций в работе дает преподавателю возможность профессионального роста, изменения себя, учиться вместе с учениками.

Список литературы:

1. Аудио-визуальный метод/А.А.Миролюбова// Иностранные языки в школе. 2009.-№5.-С.22-23.
- 2.Матвеева Н.В. Применение компьютерных технологий при обучении иностранным языкам //Информатика и образование.-2017.-№6.-С.72-76.
- 3.Часовникова О.Б., Гибина Ю.И., Лисица А.Б., Гусельникова Е.В. «Использование новых информационных технологий обучения в школе». Материалы Региональной Научно-практической конференции “Английский язык в системе «Школа – Вуз», Новосибирск, 20 июня 2016г

ҚАЗІРГІ БІЛІМНІҢ ДАМУЫ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Назарова Гулмира Куандыковна,
оқытушы, магистр
Байдешов Дарханбек Беркинбаевич
география пәнінің оқытушы
Булекова Айгуль Егимбаевна
химия пәнінің оқытушы
Н.Құлжанова атындағы Торғай
гуманитарлық колледжі

Аннотация

Оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық алаңдағы коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады.

Аннотация

Существенный вклад в развитие нашего общества можно внести путем внедрения новых образовательных технологий, доступа к международным глобальным сетям, а также путем качественной подготовки профессиональной компетентности специалистов.

Abstract

A significant contribution to the development of our society can be made through the introduction of new educational technologies, access to international global networks, as well as through high-quality training of professional competence of specialists.

Түйінді сөздер: жаңашыл, білім, мұғалім,

Ключевые слова: новатор, образование, учитель,

Keywords: novator, obrazovaniye, uchitel',

Тәуелсіздік алғалы бері біздің мемлекетімізде орасан зор өзгерістер болып жатыр. Тәуелсіздік жылдарында еліміз екі процесті - саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қатар жүргізіп, белгілі бір нәтижеге жетті, қазіргі уақытта жаңа тарихи кезеңге – Рухани жаңғыру кезеңіне аяқ басты. Рухани жаңғыру бізден ұлттық санамызды қалыптастырып, бәсекеге қабілетті болып, кез-келген мәселеге прагматистік тұрғыдан келуді, жалпы алғанда ұлттық бірегейлігімізді сақтай отырып дамуымызды талап етеді. Рухани жаңғырудың ең басты шарты – «білімді, көзі ашық, көкірегі ояу болуға ұмтылу». Өйткені, ҚР Президенті «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында атап көрсеткендей, «табысты болудың ең іргелі басты факторы білім екенін

әрқайсысымыз терең түсінуіміз керек... Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді». Бүгінгі жас ұрпақ, болашақ маман Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында көрсетілген міндеттер бойынша: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды игеріп, ғылым мен практика жетістіктеріне негізделген білім алулары керек».

Ендеше, біздің ұстаздарымыз оқытудың жаңа технологияларын енгізіп, білім беруді ақпараттандырып, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу арқылы оқытуды сауатты, сапалы жүзеге асырып, мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырғанда ғана қоғамымыздың дамуына елеулі үлес қоса алады.

Ғаламдану заманында, әсіресе білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде мұғалім алдында тұрған мақсаттар мен міндеттердің салмағы орасан зор болып отыр. Мұғалім ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болуы керек.

Сапалы білімнің негізі жан-жақты ақпараттық материалдарды, көрнекі құралдар мен тиімді технологияларды, әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушыға кітаптан таба алмайтын білім беру. Ендеше бүгінгі білім берудің сапалы болуы үшін мұғалімнің жан-жақты академиялық білімінің болуымен қатар ұстаздың мамандығына деген шынайы сүйіспеншілігінің, шығармашылық қабілетінің, балаға деген кіршіксіз адамгершілік қасиеттерінің болуы тиіс. Жалпы инновациялық пен ақпараттық бағытты тең ұстаған ұстаздың жеке бас қасиеттері мен кәсіби шеберлігін біртұтас байланысты ұғым ретінде қарастырған абзал. Сонымен қатар жоғары қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби қасиеттері, икемділіктері жаңаша қырынан сипат алуы керек.

Мұғалімнің білім-білік дағдылары, өз мамандығына қатысты білім жүйесі, жұмыс істеу шеберлігі, мәдениеті, психологиялық қасиеттері, қарым-қатынас стилі, педагогикалық әдеп, жүріс-тұрысы т.б. жатқызамыз. Жаңашыл мұғалімнің кәсіби құзыреттілігіне тоқталсақ:

-іргелі және кіріктірілген білімдердің жоғары болуы, яғни педагогика, тәрбие теориясы мен әдістемесі, дидактика, оқу бағдарламасына сәйкес пәндерді жүргізу әдістемесі, сол пәндер арқылы оқушыларға берілетін білімдерді терең игеру;

-түйінделген іскерлікті, дағдыны, қабілетті меңгеруі- дидактикалық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік, шығармашылық, өз білімін дамытуға деген қабілет, теория мен тәжірибені байланыстыра алу қабілеті, диагностикалық іс-әрекет, ғылыми зерттеу іс-әрекетімен айналысу;

Кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен қарауы - бұрыннан қалыптасқан «мұғалімнің айтқаны әрқашан дұрыс» деген қағидадан аулақ болып, мұғалім тек ақпарат таратушы ғана болмай, оқушының жеке тұлға болып қалыптасуының көмекшісі болуы тиіс, оқушының даму деңгейіне қарамастан оның жеке тұлғасын құрметтеу, өзара бірлескен әрекет, қызмет, көмек, оқушының жетістігіне қуана білушілік басты назарда болу керек. Мектептегі ұстаздардың жүріс-тұрысы, сөйлеген сөзі мен қылықтары да оқу-тәрбие арқылы оқушының бойына қатар қалыптасатынын ұмытпаған абзал. Ел ертеңін иығына алар балалар болашағының баянды болуы жаңашылдықты ұстанатын мұғалімнен кәсіби шеберлігіне орай үлкен жауапкершілікті қажет етеді.

Елімізде жалпы білім беретін бағыттағы реформалардың жүргізілуі ұстаздың педагогикалық теориясы мен тәжірибесінде өзгерістердің енуін, ең алдымен әрине, оқушылардың жалпы және рухани мәдениетін анықтайтын мұғалімнің педагогикалық шеберлігін арттыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері балалардың, жасөспірімдердің оқу- тәрбие ісіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Оқу- тәрбие ісінде назар аударып отырған тәрбие салаларының бірі- патриоттық тәрбие. Қазақстан Республикасы көп ұлтты іргелі ел. Интернационалдық және патриоттыққа тәрбиелеу - күрделі педагогикалық үрдіс.

Еліміздің тәуелсіздік алып, егемендікке жету қазақ халқының және республикада тұратын басқа да халықтардың ұлттық дүниетанымының өсуіне жағдай жасады. Жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеу бір кезеңдік іс емес. Интернационалдық және патриоттық тәрбиені қалыптастыру процесінің өз идиологиясы және айқын жүйесі бар.

Білім ордаларында жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеу қазақ халқының батырларының өмірі мен ерліктерін олардың туған жерін жауларынан қаймықпай қорғағандықтарын баяндау арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан батырлары мен танымал тұлғалары көп ел екені даусыз. Ал оларды тәрбие беру құралына айналдыру елтану бағытында жасалған оңды шара. Мысалы, Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Ер Тарғын, Ер Көкше, Баян батыр, Қабанбай, Бөгенбай, Райымбек батырлар. Тарихты бағалау жастарға Отан қорғаудың үлгілі жолын көрсетіп тұрғандай әсер қалдырады. Сондықтан ұстаздар Қазақстан патриотизмін арттыруды өз дәрістері мен ізденістерінде басты назарда ұстауы тиіс.

Жас жеткіншектерді Отанын сүйуге тәрбиелеуде ақын, жыраулардың тағылымдарын оқытудың мәні зор. Қорқыт ата жеткіншек, жас өспірімдердің жанымен қоса тәнінің шынығуына, елі мен жерін жан- тәнімен сүйіп, осы қасық қаны қалғанша жаудан қорғайтын жаужүрек батыр болғанын аңсайды. ХІХ ғ 30-40 жылдарында Қазақстанның батыс аймақтарын мекендеген ақын және батыр Махамбет Өтемісұлы мен оның жерлесі Исатай Таймановтың ерліктері елі үшін күресуде және туған халқына қызмет етуде интернационалдық және патриоттық тәрбиенің жарқын үлесі болады.

Білім негіздерін меңгеруші шәкірттер үшін Әбу Насыр Әл- Фарабидің өз басы да, еңбектері де теңдесі жоқ өнеге. Ол өзінің туған жұртын, кір жуып кіндік кескен кең даласын жанындай жақсы көріп, барынша қастерлеп өткен нағыз патриот ғалым еді.

Сонымен қатар әлемдік озық мәдениеттің шоқ жұлдыздары: Ш.Уалиханов, Ы. Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінің ұрпақ тәрбиесіне қосар үлесі мол. Осы ғасырдың басында тәлімдік ой пікірмен барша қазақ даласын дүр сілкіндірген Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, М.Жұмабаевтардың педагогикалық тұжырымдары өмір шендігімен жұртты қайран қалдырады.

Жеткіншектерді интернационалдық және патриоттыққа, Отанын сүйуге, елін қорғауға бұрынғы Кеңес Одағы кезеңінде жүргізілген іс шараларды жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы туралы айтпауға мүмкін емес, десек те Кеңес Одағының ыдырауы, алғашқы кездегі халықтың белсенділігі, артынша өмір сүру деңгейінің төмендеп кетуі, экономикадағы дағдарыс құбылысы адам көңіл-күйіне әсер етті. Жаңа құрылып жатқан Қазақстан Республикасына оның нарықтық экономикаға өтуіне қалыпты жағдай жасаған жалпы халықтың қолдауы осы отаншылдықтың арқасында болды. Алайда Қазақстанның Тәуелсіздік алуымен жас өспірімдерді тәрбиелеуде және оларды отаншылдық көзқарасын қалыптастыруда жаңа бағыт пайда болды.

Тәрбие - халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, өмірге деген көз қарасын және оған сай мінез - құлқын қалыптастыру. Соның ішінде азаматтық тәрбиенің тірегі отаншылдық болып табылады. Мектеп барлық кезде оқушыларды Отанды сүйу және қорғау сезімдерін дамытты және дамытып келеді. Интернационалдық және патриоттық тәрбие деген кең мағыналы, қасиетті ұғым. «Отан - от басынан басталады» - деп айтады халқымыз. Әрбір адамның от басы, туған жері өскен ортасы, ауылы, елі- оның Отаны. Өмірге келген адамдардың бәрінде міндетті түрде, рефлекті тұрғыда интернационалдық және патриоттық сезімі туа қалмайды.

Патриотизм, отаншылдық сезімі ананың құрсағынан даритын биологиялық құбылыс емес, бұл психологиялық құбылыс. Отанын адамның өзі тануы тиіс. Оны жете біліп, қадір- қасиетін ұққанда, тарихын, өткен жолын, қиындық мехнаттарын, рухын, тар жол, тайғақ кешулерін көз алдынан өткізіп, жанымен сезе білгенде, елдің басын

біріктірген, жатжұрттықтардан жерін, суын, даласын, тауын, қанын төгіп қайсарлықпен қорғап қалған ерліктерін сезіп білгенде ғана соған деген мақтаныш сезімі оянады. Адам бүгінгі өзі басып жүрген топырағының, суының қадір-қасиетін жете сезінгенде өз еліне деген мақтаныш сезімі күшейе бастайды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру»//Егемен Қазақстан.2017. 12 сәуір.
2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы - Алматы, «Әдебиет әлемі», 2013.-[500,б]
3. «Қазақстан- 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана. 2017.

STEM-ОБРАЗОВАНИЕ КАК ПЛАТФОРМА СОВРЕМЕННОЙ ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНОЙ ТЕХНОСФЕРЫ

Нугуманова К.А.,
учитель химии,
магистр педагогики, зав.кафедрой ЕМН
КГУ «Специализированная школа-
лицей - интернат информационных
технологий «Озат»
г. Костанай

Аннотация

Өзектілігі. STEM-әлемдік білім берудегі басты трендтердің бірі. Технологиялардың қарқынды дамуы арқасында жаңа мамандықтар пайда болып, STEM мамандарының қажеттілігі артып келеді. Мақсаты: қазақстандық мектептегі STEM дамуы

Аннотация

Актуальность. STEM является одним из главных трендов в мировом образовании. Благодаря стремительному развитию технологий появляются новые профессии, повсеместно растет востребованность специалистов STEM. Цель: Развитие STEM в казахстанской школе.

Abstract

Relevance.STEM is one of the main trends in the world education. Thanks to the rapid development of technology, new professions appear, the demand for STEM specialists is growing everywhere. Goal: Development of STEM in Kazakhstan school.

Түйінді сөздер: STEM, мамандық, технология, тренд, робототехника.

Ключевые слова: STEM, профессия, технология, тренд, робототехника.

Keywords: STEM, vocation, technology, trend, robotics.

В настоящее время в мире происходит четвертая технологическая революция: стремительные потоки информации, высокотехнологичные инновации и разработки преобразовывают все сферы нашей жизни. Меняются и запросы общества, интересы личности. Если раньше на уроке труда девочки шили фартуки, а мальчики работали с деревом или металлом, то в настоящее время этого просто недостаточно. Робототехника, конструирование, программирование, моделирование, 3D-проектирование и многое другое – вот что теперь интересует современных школьников всего мира. Для реализации этих интересов необходимы более сложные навыки и компетенции. Важно не только знать и уметь, но также исследовать и изобретать. Необходимо одновременно развиваться в таких ключевых академических областях, как наука, математика, технологии и инженерия, которые можно объединить одним словом – STEM (science, technology, engineering and mathematics).

СЕКЦИЯ 3. ЗАМАНАУИ БІЛІМ БЕРУ ПРАКТИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ ТӘЖІРИБЕСІ

СЕКЦИЯ 3. ОПЫТ ПРИМЕНЕНИЯ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И МЕТОДОВ В ПРАКТИКЕ СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

<i>Матушев Л. В., Мендыбаева Ш. Ж., Нерубайская Г. Д., Образование в условиях развития технических средств.....</i>	3
<i>Молдахметов Н. Б., Жолдыбек Г. Ж., Заманауи білім беруде инновациялық технологиялар мен әдістерді қолдану.....</i>	7
<i>Мурзагалиева А. Е., Исследовательская деятельность учителя как способ профессионального развития.....</i>	11
<i>Мухтангалиева М. К., Куржумбаева Г. С., Косназарова А. Р., Жаңартылған білім беру аясында қолданатын тәсілдердің тиімділігі.....</i>	14
<i>Мұхтарұлы Е., Худайбергенов Н. М., Химия сабағында ғылыми-зерттеу әдісі арқылы оқушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.....</i>	19
<i>Міркемел А.М., Қазақ тілі сабақтарында кембридждік оқыту бағдарламасы модульдерінің ықпалдасуы мен тиімді жүзеге асуы.....</i>	22
<i>Мырзалиева Ж. Б., Ахмедина А. Қ., Білім беру жүйесіндегі инновациялық технологиялар.....</i>	26
<i>Наженова М. А., Акбарова Р. Г., Применения инновационных технологий на уроках английского языка.....</i>	29
<i>Назарова Г. К., Байдешов Д. Б., Булекова А. Е., Қазіргі білімнің дамуы – болашақтың қайнар көзі.....</i>	32
<i>Нугуманова К.А., Stem-образование как платформа современной интеллектуальной техносферы.....</i>	35
<i>Нурахметова К. М., Повышение рефлексивной культуры учителя – залог улучшения практики преподавания.....</i>	40
<i>Нургажанова Р. С., Абусагитова А. С., Касенова А. А., Білім беру тәжірибесіндегі инновациялық тәсілдер.....</i>	45
<i>Тыңғазы А. Е., Нургазина А. У., Білім беру жүйесінде заманауи технологияларды пайдалану арқылы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамыту.....</i>	50
<i>Нурсултанова К. А., Кинжекеева Г. М., Оқытуда Clil әдісінің қолдану ерекшеліктері.....</i>	53
<i>Нурушева Г. К., Петренко О. Е., Применение интерактивных методов обучения на уроках истории Казахстана.....</i>	56
<i>Олейник Т. Ю., Использование технологии развития критического мышления и исследовательской деятельности на уроках в начальных классах.....</i>	60
<i>Олейникова Н. В., Шевко И. А., Мелихова Л. Б., Применение инновационных технологий и методов в практике современного учителя.....</i>	65
<i>Омарова С. К., Боканова А. А., Мәтінмен жұмыс жүргізу жолдары.....</i>	68
<i>Рахимова А. А., Психологические особенности использования технологии проектного обучения в начальной школе.....</i>	71
<i>Рахимова Э. Е., Елеусизова Г. Д., Кіріктірілген сабақтардың оқушыларда көптілділік дағдыларын дамытудың тиімді жолдары.....</i>	75